

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқармасының шешімімен бекітілген,
2011 жылғы 14 сәуірдегі №55 хаттама

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
акционерлік қоғамдарының тәуелсіз директорларына
сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу
ережесі**

Астана қ.

1. Осы Ереже дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына тиесілі акционерлік қоғамдардың (бұдан әрі - Акционерлік қоғамдар) тәуелсіз директорларына сыйақы және олардың шығыстарын өтеу тәртібі мен мөлшерін белгілейді.

2. Осы Ереже «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңдардың және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінің, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - ҚМГ) Жарғысының нормаларын іске асыру мақсатында әзірленді.

3. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақысы жеке тұлғаның табысы болып табылады және Қазақстан Республикасы Салық кодексінің талаптарына сәйкес салық салуға жатады.

4. Тәуелсіз директорға сыйақы төлеу мынадай шарттар орындалған кезде жүзеге асырылады:

1) Акционерлік қоғамның мүдделерін неғұрлым жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдалана отырып, Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін адал орындау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Акционерлік қоғамның Жарғысымен шешімдер қабылдау кезіндегі басшылық;

3) Акционерлік қоғамның Директорлар кеңесінің бас қосқан отырыстарына, науқастануын, демалысын, іссапарын қоспағанда және барлық сырттай отырыстарына қатысу.

5. Акционерлік қоғам сыйақы төлеуді жарты жылда бір рет күнтізбелік жылдың тиісті жартыжылдығындағы Тәуелсіз директордың жұмыс кезеңіне мөлшерлес ақшалай нысанда жүргізеді.

6. Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы мен өтемақылар банк карточкасына немесе есеп айырысу шотына аударылады не Директорлар кеңесі мүшесінің қалауы бойынша Акционерлік қоғамның кассасынан қолма-қол беріледі. Карточкаларға қызмет көрсету бойынша банкке сыйақыны Директорлар кеңесінің мүшесі төлейді.

7. Тәуелсіз директорға Акционерлік Қоғамның Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) айқындайтын мынадай сыйақылар төленеді:

1) белгіленген сыйақы;

2) Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің бас қосу отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы төленеді.

Тәуелсіз директор есепті кезеңде Директорлар Кеңесінің барлық өткізілген бас қосқан және сырттай отырыстарының жартысынан азына қатысқан жағдайда, бас қосқан отырыстарда науқастануына, демалыста, іссапарда болуына байланысты қатыспағанын қоспағанда, белгіленген сыйақы төленбейді.

8. Белгіленген сыйақыны Акционерлік қоғам сыйақы төлеудің есепті кезеңінен кейінгі ай ішінде төлейді. Сыйақы төлеудің есепті кезеңі тиісті күнтізбелік жылдың жарты жылдығы болып табылады.

9. Акционерлік қоғам қосымша сыйақыны Директорлар кеңесі комитетінің бас қосқан отырысы өткізілген күннен кейінгі айдың ішінде төлейді.

10. Тәуелсіз директордың тұрақты тұратын жерінен тыс өткізілетін Директорлар кеңесінің отырыстарына баруға байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тәуелсіздік) Тәуелсіз директорға өтеледі.

11. Акционерлік қоғам шығыстарды өтеуді Тәуелсіз директор растайтын құжаттарды ұсынуы бойынша Акционерлік қоғамның ішкі құжаттарында көзделген Акционерлік қоғамның Басқарма төрағасына іссапар шығыстарын өтеу нормалары шегінде жүргізеді.

12. Тәуелсіз директорға жылдық тіркелген және қосымша сыйақылардың мөлшері орындалатын міндеттердің күрделілігі мен жауапкершілігіне, өндірістің (бизнестің) ерекшеліктері мен ауқымына және онымен байланысты тәуекелдерге, еңбектің салалық ерекшелігіне, Акционерлік қоғамның республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлі мен орнына қарай, сондай-ақ олардың біліктілік деңгейіне қойылатын талаптарды және тиісті сала бойынша Тәуелсіз директорларға сыйақы деңгейін айқындаудың халықаралық практикасын талдауды ескере отырып айқындалады.

13. Жылдық тіркелген сыйақының белгіленген мөлшері мынадай жағдайларда азаюы мүмкін:

1) өткен кезеңге қарағанда Акционерлік қоғамның қаржы-экономикалық көрсеткіштерінің (немесе Акционерлік қоғам тиімділігінің түйінді көрсеткіштерінің) нашарлауы;

2) Тәуелсіз директордың қызметін бағалау нәтижелері бойынша қойылған мақсаттарға және тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу қағидаттарына негізделеді.

14. Акционерлік қоғам Тәуелсіз директорларға осы Ережеде көзделмеген қандай да бір төлемдер жүргізбейді.

15. Ерекше жағдайларда Акционерлік Қоғамның Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) шешімі бойынша ҚМГ акционерлік қоғамдарының жекелеген Тәуелсіз директорларына қатысты Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің өзге тәртібі және мөлшері белгіленуі немесе ұсынылуы мүмкін.

16. Акционерлік қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі жартыжылдық аяқталғанға дейін тоқтатылған (оның ішінде мерзімінен бұрын) жағдайда тәуелсіз директорға өкілеттік мерзімі аяқталған, Жалғыз акционер (Акционерлердің жалпы жиналысы) тиісті шешім қабылдаған немесе директорлар кеңесінің мүшесі өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш берген кезден бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің құрамында іс жүзінде болған кезең үшін сыйақы мен өтемақы төленеді.

17. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеуге байланысты жанжалдар Қазақстан Республикасы заңнамасының және ҚМГ мен Акционерлік қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес реттеледі.

18. Тәуелсіз директорларға сыйақылар мен шығыстарды өтеу төлемдерінің негіздері мен мөлшері Тәуелсіз директорлармен жасалатын шарттарға енгізіледі.